

XXI ғасыр- білім және ғылым ғасыры, әлемдік заманауи стандарттарға сай өркендейтін кезең. Еліміздің Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Ұлттың бәсекелестік қабілеттілігі-ең алдымен оның білімділігімен өлшенеді» - деп атап көрсете отырып, елімізде білім беру ісіне ерекше назар аударып келді. Ұстаз ең алдымен білімді ақпараттық құралдарды жетік меңгерген, заман дамуымен қатар өз білімін жетілдіріп, үнемі ізденісте болғанда ғана өсіп келе жатқан жасөспірімдердің талғамын таба отырып, адам баласына шын мәнінде қажетті жан-жақты білімді бере алады. Өз іс тәжірибем мен білім беру тәсілдерімді өзгерту арқылы оқушыларымның да білім алуға деген көзқарастарының өзгергендігін байқадым және де алдағы уақытта «Тиімді оқыту» бағдарламасының жалғасын тауып, әрі қарай жетіле түсуім үшін нақты мақсаттар мен нәтижелі іс-әрекеттер керек екенін түсіндім. Кез-келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарларын да жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады...» делінген Қазақстан республикасы орта білім беру жүйесі дамуының мемлекеттік тұжырымдамасында. Мектеп тренері ретіндегі мақсатым: мұғалімге тән педагогтық қарым - қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, ұстаздарды табысты оқуға жетелеу. Басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында.«Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол» деген тұшымды ой тастаған Махатма Гандидың пікірі маған ой салды. Жаңа мазмұнда оқыту Бағдарламасының түйінді идеялары мен мазмұны мұғалімдердің тиісті сапалық деңгейге қол жеткізуіне бағытталған. Бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден - жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік оқиғаларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтитын мұғалімдерді дайындау. Біздің елімізде білім саласында болып жатқан оң өзгерістерге көз жүгіртсем, мектептің қазіргі атқаратын қызметі – білім беру арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазақстандық мектептар енді жалпыға арналған білімнен білім әркімге өмір бойы үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жаңа-әдіс тәсілдерді ендіруде халқымыздың ұлттық құндылықтарын ешқашан да назардан тыс қалдырмауымыз маңызды. Қазақтың тыйым сөздерінің өзі тұнып жатқан тәрбие мен философия емес пе? Қай ел болмасын өзінің даму жолында әлемдік даму деңгейі жоғары елдердің озық идеялары мен табысты реформаларынан үлгі ала отырып, тәжірибе алмасу арқылы өз құндылықтарын сақтай отырып, инновациялық озық үлгілерді қабылдайды. Мен де өз елімнің патриоты ретінде осы бағдарлама бойынша көп ойланамын. Қайткенде мектеп жұмысы нәтижелі болмақ? Жас буынның талаптары мен қажеттіліктеріне сай оқыту үшін не істеуім керек? деген мәселелер көп толғандырады. Дәстүрлі сабақ беру барысында оқушылардың білімді тек механикалық есте сақтау арқылы игеріп отырғанын, сондай-ақ алған білімі жаттанды болды, мән-мағынасы терең меңгерілмей, келешекте тиімді пайдалана алмайтынын мойындап, оқытудың қай түрін алсақ та оқушының қажеттілігіне негізделуіне және оқушылар арасында

қолданысына, талқылауына басты назар аударып, өмірден мысал арқылы толықтыру, жүзеге асыру - мұғалім шеберлігі. Мұғалім өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі екінші қыры болмақ. Үшінші қыры – мұғалімнің тілді меңгеруі – тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі – өнер. Тіл – тәрбие құралы. Төртінші қыры – байқағыштық сезімі – көрегендігі. Бесінші қыры – әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы. Алтыншы қыры – жан – жақты дарындылығы. Жетінші қыры – үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы. Сегізінші қыры – үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп–этикасы. Мұғалімнің келбеті – сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі. Ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың «Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» - деген.

Ричард Дарант анықтаған «үздік» сабақтың алты белгісінің бірі – оқушылардың табысқа қол жеткізуі. Сабаққа қызығушылық білдірген және белгілі мақсатты көздеген оқушылар табысқа қол жеткізеді және өзінің белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алғанын сезіну баланы одан әрі ынталандырып, мақсатқа ұмтылуға жетелейді. Жақсы нәтижеге жету үшін әр ұстаз өз сабағында түрлі интерактивті әдіс-тәсілдерді көбірек қолдануы тиіс және әр қолданылған әдістің нәтижесіне үнемі сараптау, талдау жұмыстарын жасап тұруы, үздіксіз тәжірибеде жетілдіруі мектеп тренерлерінің шеберлігіне байланысты. «Жетістікке тез жетемін деп есеп жасама және аз табысқа елікпе. Асықсаң – мақсатыңның орындалуы қиындайды, азға қанағаттанып қоя салсаң үлкен жетістікке жете алмайсың» деген Конфуций.

Мұғалім өзгеру керек, оқушы өзгеру керек, сабақ өзгеру керек дегенмен, мектеп саласын басқару жұмысын кей кезде ұмытып тұрғандаймыз. Жаңа нәрсені басқару да жаңаша болуы тиіс. Егер сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған оқушыларды қалыптастырғымыз келсе, жаңашыл идеяларға ұмтылуымыз, сапалы әрі табысты оқытуды жүзеге асыру үшін өз тәжірибемізде сындарлы оқытуға бағытталған тәсілдерді кеңінен қолдануымыз аса тиімді болмақ.

Бүгінгі оқу – ертеңгі күннің азығы. Бағдарлама әдістерін өз мектебінде енгізіп, оқушыларға жоғары сапалы білім беріп, олардың өзгеріске бағытталған жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне барынша жағдай жасайтын ұстаздарды дайындап, алғашқы топтың ықыласына бөлендім. Белгілі тақырыптарды ортаға салу барысында әріптестерімнің оқытатын пәндері әр сала болғанымен, кедергі туғыщатын тақырыбы бір болып келді. Ол алдарында отырған оқушылардың бастауыштан білімі төмен болып келуі. Осы тұста сол оқушылардың білімінің төмен болуына әсер еткен мәселені табу, оқушыны зерттеуді ұсындым. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен сабақ беретін әріптестеріме қазіргі аталып жүрген үштілділік мәселесі бар, ұқсас тақырыптарын салыстырмалы түрде түсіндіру, білгенінен бастап күрделендіріп оқыту керек деп көрсеткен ұсыныстарым өз нәтижесін берді. Әріптестерімнің әр курс сағатының соңынан маған берген кері байланыстары, әр курс сағатында өз жұмысына жасаған рефлексиялары, курсты толық аяқтағаннан соң жасаған жазба есептері мен қысқа мерзімді сабақтар жоспарын құруға деген өтініштері, оларды талдау барысындағы түзетулерді сыни қабылдай алуы, сабақтарынан кейін құрылған қысқа мерзімді сабаққа жасалған өзіндік талдаулары еңбегімнің жемісі деп санаймын. «Ізгі

кісінің жанында үш қателікке жол беріледі; сөйлемейтін кезде сөйлеу – асығыстық, сөйлеуге тиіс кезде сөйлемей – бұл тұйықтық және әріптесінің бет-әлпеті өзгеруіне қарамай сөйлеу – көрсоқырлық. Ізгі кісі өз абыройына сай емес іс туралы ойламайды. Ізгі кісі көп сөйлеуге ұялады, ал іске келгенде тойымсыз болады. Біреулерге баға бергіш адамды жетілген кісі деуге болмайды. Ізгі кісінің оған уақыты жоқ. Ізгі кісі тапшылықта да өзін сақтайды, қиындықта ұстамды келеді, нашар адам босаңсып кетеді. Ізгі кісі өзіне талапшыл. Нашар кісі өзгеге талапшыл. Адамгершілігі мол кісінде мына бес қасиет болуы керек: кісіге шын құрмет, кең пейілдік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық. Біріншісі- жарымсақтануға жол бермейді, Екіншісі – барлығын бағындырады, үшіншісі – адамдардың көңіліне сенім ұялатады, төртіншісі – жеңіске жетуге мүмкіндік береді, бесіншісі- адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады» деген Конфуций сөймен қортындылағым келді.

«Тәжірибедегі курс» тренері:

Байгабулова Зинагуль Жасынбековна, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы